


Наурыз Сіздің шаңырағыңызға бақыт, береке мен құт әкелсін!

Көктем лебімен бірге келген мерекеңіз құтты болсын!

*Наурыз - жыл басы. Парсы тілінде "нау" - "жаңа", "руз" - "күн" деген ұғымдарды білдіреді. Халық наурыз мерекесіне алдын - ала дайындалады. Дәстүр бойынша үйге қос шырақ жағылады, ыдыстар ернеуіне дейін айранмен, сүтпен немесе бұлақ суымен толтырылады. Бұл - тоқшылықтың белгісі.*


Veta

***Табиғатпен байланыс күн Анаға деген тағзымнан көрінеді. Бұл күні бұлақтар тазартылып, ағаштар отырғызылған. "Бұлақ көрсең, көзін аш!", "Бір тал ексең, он тал ек!", деген сөз осыдан шыққан болу керек.***

***Күн менен түн теңелді,***
***Жер шуаққа кенелді,***
***Қуанышта ел енді.***
***Наурыз келді салтымыз:***
***Көгерсін деп халқымыз***
***Көшеге тал егеді.***
***Наурыз тойы - береке,***
***Наурыз тойы – жыр – аңыз.***

***Халқымыз***
***қастерлеген***
***ежелден-ақ,***
***Келе бер,***
***аттың басын***
***тежемей-ақ.***
***Наурыз көжемізден***
***қанып ішкін,***
***Ұлыстың ұлы күні***
***тұрма қарап.***



*Ата - салтым – асыл мұрам, ардағым,*
*Бабалардың жалғастырар арманын.*
*Сан ғасырда қалпын бұзбас қадірім,*
*Өткенімді бүгініммен жалғадым.*







*Жастарды көріп жасарып,*
*Береді қарттар ақ бата.*
*Тілекпен игі жасанып,*
*Былай да берік салтқа ата:*

*«Ұлыс оң болсын,*
*Ақ мол болсын,*
*Қайда барсаң жол болсын.*
*Ұлыс бақты болсын,*
*Төрт түлік ақты болсын,*
*Ұлыс береке берсін,*
*Бәле-жала жерге енсін.*
*Әумин!»*

